- ыңғайлылық және пайдалану жеңілдігі;
- төмен қуат тұтыну;
- сүзгілерді тазалау (ауыстыру) жеңілдігі.

- Өндіруші (жабдықтаушы) қауіпсіздік шараларын қолданбау нәтижесінде тұрмыстық құрылғы бұзылған жағдайда өзінен жауапкершілікті алады.
- Бұл тұрмыстық құрылғы тек тұрмыстық қолдануға арналған. Кез келген өндірістік қолдануға тыйым салынады.
- ҚАУІПТІ және рұқсат етілмеген!!! Осы тұрмыстық құрылғының қандай да бір құрамдас бөлігін өз бетінде модификациялау.
- Қосқан кезде тек жерге қосылған электр розеткасын қолдану керек.
- Бөлмедегі электр кернеу тұрмыстық құрылғы сипаттамаларына сай екенін тексеріңіз.
- Балаларға тұрмыстық құрылғыны өз бетінше қосуға жол бермеңіз.
- Түтін шығарғышты күтуге қатысты қандай да әрекеттерді орындау алдында оның электр қуатынан өшірулі екенін тексеріңіз.
- Түтін шығарғыштың сору қуаты нашарламауы үшін жүйелі түрде алюминий сүзгілерді тазалауды және көмір сүзгілерін ауыстыруды орындап отыру керек.

- Тұрмыстық құрылғының шығаратын құбырында басқа мақсаттағы құбырлармен (мысалы, түтіндікпен, жылыту құбырымен немесе басқа құбырмен) жалпы арнасы болмауы керек.
- Газ плиталарының жанарғыларын ашық жалынмен қалдырмаңыз, бұл түтін шығарғыштың бүлінуіне әкелуі мүмкін.
- Егер қандай да ақаулар пайда болса, сервистік қызметке хабарласыңыз.

Жалпы кескін сіздің үлгіден басқаша болуы мүмкін



Сипаттама

1. Алюминий май сүзгілері
2. Көмір сүзгілері (рециркуляция режимі үшін)
3. Түтін шығарғыштың күмбезі
4. Негізгі шығаратын буын
5. Қосымша шығаратын буын
6. Басқару тақтасы
7. Қашықтан басқару пульті (кейбір үлгілерде)
8. Шыны қақмаңдай
9. Шамдар

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР МҰҚИЯТ ОҚЫП, ОДАН ӘРІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ӨЗІҢІЗГЕ ҚАЛДЫРЫҢЫЗ

Алдымен осы нұсқаулықты оқып шығыңыз!

Құрметті сатып алушылар,

Өнімді пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып, одан әрі пайдалану үшін өзіңізге қалдырыңыз. Егер Сіз өнімді басқа тұлғаға беретін болсаңыз, оған осы нұсқаулықты қоса беріңіз.

Өндіруші осы Нұсқаулықтың нұсқауларын сақтамаудан туындайтын ықтимал проблемалардан пайда болған залал немесе өрт үшін ешқандай жауапкершілікке ие болмайды.

Барлық сұрақтар бойынша өкілетті қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.

Пайдалану нұсқаулығы Сізге өнімді дұрыс және қауіпсіз пайдалануға көмектеседі.


- Өнімді баптау және пайдалану алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқыңыз .

- Қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтаңыз.
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты ыңғайлы жерде сақтаңыз.
- Өніммен бірге ұсынылған басқа құжаттарды оқыңыз.

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты басқа нұсқа түрлеріне де қолдануға болатынын есте сақтаған жөн. Нұсқалар әртүрлі өндірушілерден әр түрлі болуы мүмкін, бірақ тазалау және пайдалану шарттары бірдей болады.

: Жалпы ескерту

: Өрт хабарлағышы

: Электр туралы ескерту

МАЗМҰНЫ

ЖАБДЫҚТЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ШАРАЛАРЫ

ОРНАТУ ЖӘНЕ БӨЛШЕКТЕР

СОРҒЫШТЫ ОРНАТУ


СОРҒЫШТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ҚЫЗМЕТІ, ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕР ЖӘНЕ КЕПІЛДІК


ЖАБДЫҚТЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Жалпы түрі



(1 сурет)

1. Биіктігі бойынша реттелетін ішкі ауа өткізгіші
2. Бекітілген сыртқы ауа өткізгіші
3. Қорғаныш әйнегі
4. Басқару панелі
5. Жарықтандыру



(2 сурет)

Техникалық сипаттамалары

Кернеуі және жиілігі	220-240В 50Гц
Өнімнің жалпы қуаты	Мин. 2Вт - Макс. 102Вт
Қозғалтқыш қуаты	100Вт
Шамның қуаты	2 x 1Вт
Басқару панелі	3-жылдамдық
Ауаны бұрағыш келтеқұбыры диаметрі	120 мм
Өнімнің ені	495-595 мм
Өнімнің тереңдігі	344 мм
Өнімнің биіктігі	597 мм – 877 мм
Энергия тұтыну класы	D-классы

АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ШАРАЛАРЫ



Бұл өнім ауаны тарту немесе сүзу үшін тұрмыста қолдануға арналған. Ол ашық ауада пайдалануға арналған емес.



Ескерту: Бұл өнім 8 жастан асқан балалар мен физикалық, перцептивті немесе психологиялық дағдылары шектеулі адамдар үшін, тек егер олар бақылауда болса немесе оларға өнімді қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар берілсе және өніммен байланысты тәуекелдер туралы хабардар болса ғана жарамды. Балалар өніммен ойнамауы тиіс. 8 жастан кіші және бақылаусыз балалар өнімді тазалап, оған қызмет көрсетпеуі керек. Өнім мен кабельді 8 жасқа толмаған балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз.



Егер электрлік ас үй сорғыш газбен немесе басқа отынмен жұмыс істейтін басқа жабдықпен бір мезгілде пайдаланылса, үй-жайда жақсы желдеткіш болуы тиіс (бұл жай ғана бөлмедегі ауаны рециркуляциялайтын жабдық үшін қолайлы емес).



Қаптама материалдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз немесе оларды жойыңыз. Балалардың қаптама материалдарына қол жеткізуі қауіпті салдарға әкелуі мүмкін.



Өнімнің қауіпсіздігіне жауапты тұлғаның өнімді пайдалануын бақылау және басқаруы кезінде болмаған жағдайда, бұл өнім физикалық, сезімтал және психологиялық дағдылары шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған. .



Қауіпті жағдайда ашаны өшіру үшін, оның оңай қол жетімді екеніне көз жеткізіңіз.



Электр тауарлары балаларға қауіпті. Жабдықтың жұмыс істеу кезінде балаларды электр жабдығына жолатпаңыз. Балалардың жабдықпен ойнауына жол

бермеңіз.



Негізгі мәндер сорғыш тақтайшасында көрсетілген мәндермен сәйкес келуі тиіс. Қорғаныш әйнегін көтеріп, тақтайшаны көру үшін сүзгіні алып тастаңыз.



Өнімнің қауіпсіздігі мен өзіңіздің қауіпсіздігіңіз үшін Сіздің сорғышыңыз қосылған күш қондырғысындағы ең көп дегенде 6 А сақтандырғышты пайдаланыңыз.



Орнату кезінде қуат кабелі қысылмау немесе мыжылмауы керек. Егер қуат кабелі зақымдалған болса, оны өкілетті қызмет көрсету орталығына немесе білікті электрикке хабарласу арқылы ауыстыру қажет. Бұл болашақта қуат кабелінің кез келген ықтимал зақымдануына қатысты.



Өнім желіге тек өкілетті және білікті электрикпен қосылуы тиіс. Өнімге кепілдік дұрыс орнатылғаннан кейін ғана күшіне енеді.



Өнімді қабырғаға бекітпегенге дейін қоспаңыз.



Жерге тұйықталған аша өнімнің қуат көзі кабелі үшін орнатылған. Бұл кабель жерге тұйықталған розеткаға салынуы тиіс.



Тазалау немесе техникалық қызмет көрсету алдында өнімнің қуат көзін өшіріңіз. (Розеткадан ашаны алып тастаңыз).



Ескерту: бұрандамалардың немесе бекітпе элементтерінің жеткіліксіз бекітілуі электр тогына байланысты қауіп-қатерлерге әкелуі мүмкін



Өнімді орнату аяқталғаннан кейін өнім мен электр плитасының арасында 60 см қашықтықты немесе өнім мен газ немесе өзге плитаның арасында кемінде 65 см қалдырыңыз. Егер газ плиталарын орнату нұсқаулығында қашықтық көп болса, оны сақтау керек.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: егер сорғыш тамақ дайындауға арналған жабдықпен бірге қолданылса, пайдаланылатын бөліктер қызуы мүмкін.



Тез тұтанатын өнімдерді сорғыш астында дайындауға болмайды.



Ашық жалын сорғыш үшін қауіпті және өртке әкелуі мүмкін; сондықтан оны болдырмау қажет.



Өрт шыққан жағдайда сорғыш пен тамақ дайындауға арналған жабдықтың қуат көзін өшіріңіз (ашаны розеткадан алып, қуат көзін өшіріңіз).



Кәстрөлді, табаны немесе пісіру ыдысын плитаның үстіне қойғаннан кейін сорғышпен жұмыс істеңіз. Жоғары температура Сіздің өніміңіздің деформациялануын тудыруы мүмкін.



Пісіру ыдыстарын, мысалы, кәстрөлді немесе табаны плита үстінен алуға дейін плитаны өшіріңіз.



Кәстрөлдер немесе табалар сияқты пісіру ыдыстарын плита үстінде ыстық маймен қалдырмаңыз. Ыстық маймен пісіру ыдыстары тұтануы мүмкін. Қуыру кезінде сақ болыңыз. Майдың тез тұтанатын қасиеттеріне байланысты перделер мен майлықтарды қадағалаңыз.



Дер кезінде тазартылмаған және/немесе ауыстырылмайтын сүзгілерде майдың жиналуы өртке әкелуі мүмкін.



Егер мерзімді және дұрыс тазалауды жүргізбесе, өрт қаупі туындауы мүмкін. Сіз ТҚК бойынша нұсқауларды сақтай отырып (айына кемінде бір рет) іштен және сыртынан сорғышты тазалауыңыз керек.



Бар сүзгілердің орнына жылу мен жалынға төзімді емес Сүзгіш материалдарын пайдаланбаңыз. Сүзгісіз өнімді пайдаланбаңыз.



Қуат кабелі плитаның жанында өтпеуі керек, себебі ол жоғары температураның әсерінен балқып, өрт тудыруы мүмкін.



Егер Сіз өнімнің қосулы шамдарымен ұзақ уақыт жұмыс істесеңіз, шамдарды ұстамаңыз. Шамдар Сіздің қолыңызды күйдіруі мүмкін, өйткені олар өте ыстық.



Егер бұл көрсетілмеген болса, сорғышты тіреуіш бет ретінде ешқашан пайдаланбаңыз. Оған ауыр жүкті орналастырмаңыз.



Орнату үшін өніммен жеткізілетін бұрандамаларды пайдаланыңыз, ал егер олар жеткізілмеген болса, бұрандамалардың қолайлы түрін сатып алыңыз. Орнату үшін нұсқаулықта көрсетілген дұрыс диаметрлі және биіктіктегі бұрандамаларды пайдаланыңыз.



Шығатын ауаны шығаруға байланысты нормаларды сақтау қажет.



Газ немесе басқа отынмен жұмыс істейтін жабдықтан шығатын түтін шығаруға арналған ауа өткізгішке ауа ешқашан түспеуі тиіс (үй-жайда ауаны рециркуляциялайтын жабдықтар үшін пайдалануға тыйым салынады). Сорғыштың ауа өткізгіші сору үшін ғана болуы тиіс. Оны басқа жабдықтармен пайдалануға болмайды.



Егер онда жабдықтың басқа түрлерінің ауа өткізгіштері болса, сорғыш шығымы ауа өткізгіштеріне қосылмауы тиіс.



Ауа өткізгішке сорғышты қосқан кезде диаметрі 120 мм құбырларды пайдаланыңыз. Жақсы еңбек өнімділігі үшін, құбыр қосылымы мүмкіндігінше

қысқа, тегістелген және ең аз иілген болуы керек.



Сыртқа шығару құбыры өніммен жеткізілмейді. Оны сатып алу керек. Сыртқа шығару құбырының диаметрі қосу сақинасының диаметріне тең болуы тиіс.




Сорғыш бөлмеден ауаны сыртқа шығаратындықтан, бұл ауамен жұмыс істейтін басқа жабдыққа әсер етуі мүмкін. Осы себептен, сорғыш жұмысы кезінде үйге таза ауаның келуін қамтамасыз етіңіз.



Белсендірілген көмірі бар сүзгіні келтекұбырсыз Түтіндікті пайдаланған жағдайда, белсендірілген көмірі бар сүзгіні ешқашан шаюға болмайды. Сүзгіні пайдалану жиілігіне байланысты оны орта есеппен 2-4 айдан кейін ауыстыру ұсынылады. Егер сүзгіні ауыстырғыңыз келсе, өкілетті қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.

Бұл жабдық нарықта электр және электрондық жабдықтарды кәдеге жарату туралы 2012/19/ЕС еуропалық директивасына сәйкес сатылады. Егер Сіз осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз етсеңіз, Сіз өніммен дұрыс жұмыс жасамау салдарынан пайда болуы мүмкін адам денсаулығы үшін қолайсыз зардаптардың алдын аласыз.



Өнімдегі немесе оның құжаттарындағы  таңба осы жабдықтың тұрмыстық қалдықтар болып табылмайтынын көрсетеді. Жабдық электр және электрондық жабдықтың осы түрі кәдеге жаратылатын, қайта пайдалануға жарамды өнімді жинау орнына жеткізілуі тиіс. Қалдықтар қолданыстағы жергілікті табиғат қорғау заңнамасына сәйкес жойылуы тиіс.

Осы өнімді қайта өңдеу шарттары туралы толық ақпарат алу үшін жергілікті муниципалитеттің тиісті департаментімен, қалдықтарды қайта өңдеу қызметімен немесе өнім дилерімен кеңесіңіз.

ОРНАТУ ЖӘНЕ БӨЛШЕКТЕР

Өнімді ашу алдында:

Электр монтажының дұрыстығына көз жеткізіңіз. Егер Сіз сенімсіз болсаңыз, білікті электрикпен хабарласыңыз және оның қажетті шараларды қолдануын қадағалаңыз.

Орнату орнын дайындау және электромонтаж - клиенттің міндеті.

Өнімді орнату үшін жергілікті стандарттарда көрсетілген электр қуатымен байланысты ережелерді сақтау қажет.

Өнімді орнатар алдында оның қандай да бір зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Егер өнімнің ақаулары болса, оны орнатпаңыз. Әйтпесе мұндай өнім қауіпті болуы мүмкін.



Өнімнің қауіпсіз жұмыс істеуі үшін үй-жай жақсы желдетілуі тиіс.

Егер үй-жайда желдету үшін терезе болмаса, қосымша желдеткішпен қамтамасыз ету қажет (терезе әйнегінде және т.б.). Егер Сіздің ас үйіңізде желдеткіш тесігі бар болса, оны ешқашан жаппаңыз. Картон қорабындағы басқа да сорғыш материалдарының (мысалы, орнату бөлшектері, пайдалану жөніндегі нұсқаулық) күйін тексеріңіз, оларды алып шығып, жеке жерде сақтаңыз. Оларды ешқашан сорғыш ішінде сақтамаңыз.


Өнімді плитка, жылтыр немесе силикон беті сияқты беттерге орнатпаңыз. Тек қабырғаға бекітіңіз.



Балаларға қаптама материалдарымен ойнауға рұқсат берменіз!!!

Сорғышты орнату


Өнімді орнату бойынша келесі іс-әрекеттер тәртібін сақтаңыз



(3 сурет)


Өнімнің орналасқан қалпы:

Өнімді орнатқаннан кейін өнім мен электр плитаның арасындағы қашықтық 60 см және өнім мен газ немесе өзге плитаның арасындағы қашықтық 65 см болуы тиіс. (3 сурет)



(4 сурет)


1) (A, B, C, D) монтаждау жабдықтарымен бірге қорапта орналасқан орнату үшін үлгіні қолданып, Ø8 мм қабырғадағы тесікті бұрғылаңыз және Ø8 мм осы тесіктерге пластикалық бітеуіштерді салыңыз. (4 сурет)




2) Орнату орнының биіктігін ескере отырып, түтіндіктің ішкі келтеқұбырының табағы үшін перфораторды (*E, F*) пайдалана отырып, қабырғадағы $\varnothing 6$ мм тесікті бұрғылаңыз және осы тесіктерге $\varnothing 6$ мм пластикалық бітеуіштерді салыңыз.

3) *A* және *B* нүктелерінде қабырғадағы бітеуіштерде 2 бұрандаманы $4,8 \times 50$ YSB тартыңыз. Бұрандаманың бастиегі мен қабырға арасында 5 мм қашықтық бар екеніне көз жеткізіңіз.

4) $3,9 \times 22$ RYSB бұрандамаларын пайдалана отырып, *E* және *F* нүктелерінде $\varnothing 6$ мм қабырғасындағы бітеуіштерге табакты бекітіңіз.




түтіндіктің ішкі
келтеқұбырының табағы




(5 сурет)

5) Сорғышты *A* және *B* нүктелерінде бұрандаманың бастиегі мен қабырғаның арасындағы 5 мм саңылауды сақтай отырып іліп қойыңыз. (5 сурет)

6) Қорғаныш әйнегін өзіңізге тартып ашыңыз және алюминий картридж сүзгісін жойыңыз. Өнімнің ішкі жағынан көрінетін қабырғадағы *C* және *D* тесіктеріндегі пластикалық бітеуіштерде $4,8 \times 50$ YSB бұрандамаларын тартып, өнімді бекітіңіз.



(6 сурет)



(7 сурет)


7) Сорғышты алюминий құбырына қосыңыз. Иілгіш алюминий құбырын пластикалық ауа өткізгіш арқылы өткізіп, пластикалық ұстағышты немесе кабель қысқышын пайдалана отырып, тартпай бекітіңіз. Құбырдың басқа ұшын қабырғадағы ауа өткізгіштің тесігіне салыңыз. (6-7 суреттері)




Сорғышты құбырмен қосар алдында, Сіз өнімнің желдету тесігінің нүктесіндегі пластикалық бекітпелерді қадағалауыңыз керек. Құбырға қосар алдында сорғышты қосыңыз және бекітпелер жоғары жылжып, ауаға шығуға мүмкіндік беретіндігіне көз жеткізіңіз. Немесе бекітпелердің бағытын өзгертіңіз. (8 сурет)



Құбырды жалғаған кезде ұстағышты тарту немесе кабельді қысу бекітпелердің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін. Құбырды Сіздің үйіңіздің түгіндігімен қосар алдында, Сіз сорғыштың дұрыс жұмыс істеуіне көз жеткізуіңіз керек.



(8 сурет)




(9 сурет)

Сыртқы ауа өткізгішті
монтаждауға арналған аспа

8) Ішкі ауа өткізгішті
сыртқы ауа өткізгішке
абайлап салыңыз.

9) Ішкі ауа өткізгішті сыртқы
ауа өткізгіш арқылы жоғары
қарай тартыңыз және оны
3,5x6,5 RYSB бұрандасымен
бұрын қабырғаға бұраған
түтіндіктің ішкі келтекұбыры
табағында бекітіңіз. **(9 сурет)**



(10 сурет)

DETAIL A

10) 3,5x6,5 RYSB
бұрандамаларын пайдалана
отырып, сорғыштың
жоғарғы бетінде (2 дана, оң
және сол жақта) орналасқан
ауа өткізгіштің монтаждық
кронштейніне сыртқы ауа
өткізгішті бекітіңіз. **(10
сурет)**


Сорғышты тиімді пайдалану үшін:

Сорғышты түтіндікпен жалғай отырып, ең аз иілім саны бар диаметрі 120 мм құбырларды пайдаланыңыз. Алюминий құбырының иілімі ауа сору қуатын төмендетуге әкеледі, сондықтан иілімдерден аулақ болу керек **(1 сурет)**.

Алюминий картридж сүзгілерін тұрақты пайдалануына және көмір сүзгілерін ауыстыру уақытына назар аударыңыз.



Дұрыс



Дұрыс емес

1 сурет

СОРҒЫШТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ

Сорғыштың жұмыс істеуі алдында



UYARI

Сорғыштың жұмысын бастамас бұрын барлық механикалық және электрлік қосылыстардың орындалғанына көз жеткізіңіз.



UYARI

Сорғыш ішінде бөгде материалдарды қалдырмаңыз. Оның айналасында қаптама материалы жоқ екеніне көз жеткізіңіз.




Сорғыштағы жуылатын алюминий картридж сүзгісінің шеттері бойынша көк қорғаныс лентасын алып тастағандығыңызға көз жеткізіңіз. Егер бұл қорғаныс лентасы жойылмаса, Сіздің күйіп қалуыңыз мүмкін, себебі ол тұтанбайды.

Жылдамдықты таңдау

Өнімнің 3 желдету жылдамдығы бар. Дайындау барысында пайда болатын буға байланысты, жұмыс жылдамдығын таңдаңыз, яғни төмен (1 жылдамдық), орташа (2 жылдамдық) және жоғары (3 жылдамдық). Дайындау процесі аяқталғаннан кейін қалған иіс пен буды сору үшін сорғышты біраз уақыт қосулы қалдырыңыз.

Механикалық батырмалы басқару



Сорғышты басқару үшін жоғарыда көрсетілген батырмалардың бірін таңдап, басыңыз (1, 2 немесе 3). Жұмысты тоқтату үшін, шеткі сол жақ жылдамдықты қалпына келтіру батырмасын басыңыз (O). Шамды басқару үшін шамды қосу/өшіру шеткі оң жақ батырмасын басыңыз.

Электрондық басқару



Сорғышты басқару үшін, жоғарыда көрсетілген қосу-өшіру таңбасын басыңыз. Дайындау кезінде пайда болатын будың тығыздығына байланысты бір таңбаны басыңыз (1, 2 немесе 3). Жұмысты тоқтату үшін қосу/өшіру таңбасын тағы бір рет басыңыз. Шамды басқару үшін, оң жақтағы шамның қосу-өшіру таңбасын басыңыз.

Уақыт реттеуіші (автоматты тоқтату) 15 минут:

Егер Сізде электрондық құрал болса, онда ол атмосферада қалған кез келген жағымсыз иіс пен буды ығыстырғаннан кейін құралды автоматты түрде өшіретін автоматты тоқтату функциясына ие.

Автоматты тоқтату функциясын қосу үшін басқару панеліндегі жылдамдық таңбасын (1, 2 немесе 3) басып, оны 5 секунд ұстап тұруыңыз керек, осылайша 15 минуттық синхрондау басталады.

Автоматты тоқтату функциясы қосылған кезде осы жылдамдық таңбасын бассаңыз, бұл функция өшіріледі және жабдық қозғалтқышы тоқтатылады. Сонымен қатар, басқа жылдамдыққа ауысқанда да, функцияның өшірілетінін есте сақтаңыз. Егер Сіз жабдықтың автоматты түрде тоқтауын қаласаңыз, онда Сізге автоматты тоқтату функциясын қайтадан қосу керек.

Жабдықтың функциялары

Сорғышты ас үйде ауа өткізгішпен немесе ауа өткізгішсіз қолдануға болады.

Ауа өткізгішпен пайдалану үшін:

Ауа өткізгішпен пайдаланылған жағдайда, сорғыш ауаны шығару үшін ауа өткізгішпен қосылуы тиіс. Сорғышты тиімді пайдалану үшін Сіз құбырдан ауа өткізгішке дейін қысқа жолды қамтамасыз етуіңіз керек және желдету арналары ашық болуы тиіс.

Сіздің өніміңіз зауыттан ауа өткізгішпен пайдалануға жарамды болып жеткізіледі.



Ескерту!

Сорғышты желдету құбырымен қосуға болмайды, егер онда басқа түтін болса.

Ауа өткізгішсіз пайдалану үшін



3 сурет


- **Белсендірілген көмірі бар сүзгіні ауыстыру (жеткізу жиынтығына кірмейді)** Құбырсыз жерлерде сыртқы жағына қосылу үшін, Сіз осы жерде ауаны сүзгілеу және ауаның /рециркуляциялануы үшін белсендірілген көмірі бар сүзгіні пайдалануыңыз керек. Сіз өкілетті қызмет көрсету орталығында белсендірілген көмірі бар сүзгіні алуыңыз керек. **(3 сурет)**

Белсендірілген көмірі бар сүзгіні ауыстыру

Сіз 2 көмір сүзгісін пайдалануыңыз керек.

Көмір сүзгісін орнату үшін қозғалтқыштың қақпағындағы арналарды сүзгідегі шығынқылармен біріктіріп, сағат тілі бойынша жарты айналымға бұру қажет.

Сүзгіні алып тастау үшін, оны сағат тіліне қарсы жарты айналымға бұру керек. (11 сурет)




11 сурет

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ


Тазалау

- Техникалық қызмет көрсету және тазалау алдында Сіз розеткадан қуат көзі кабелін алып тастауыңыз немесе сорғышты өшіруіңіз керек.
- Сорғыштың сыртқы бетін сабынды суға суланған шүберекпен сүрту қажет
- Улы және қауіпті химиялық материалдарды пайдаланбаңыз.
- Су немесе ұқсас заттар электроникаға тигеуін қадағалаңыз.
- Тот баспайтын табақтан жасалған бұйымдар үшін сатылымдағы тот баспайтын өнімді тазалау және күту құралдарын пайдалану қажет, ол Сіздің өніміңіздің қызмет ету мерзімін ұзартады.
- Алюминий картридж сүзгілерін ыдыс-аяқ жуатын машиналарда жууға болады.
- Алюминий картридж сүзгісін пайдалану жиілігіне байланысты, ыстық сабын суымен немесе ыдыс-аяқ жуатын машинада (ең көп дегенде 60 °C) бірнеше айда бір рет (орташа алғанда әрбір 40 жұмыс сағаты сайын) жуу керек.
- Жуғаннан кейін алюминий картридж сүзгісі және оның жақтауының түсі өзгеруі мүмкін. Бұл қалыпты және сүзгілердің жұмысына әсер етпейді.
- Алюминий картридж сүзгісін серіппелі ілмекке басу арқылы алыңыз. Сүзгіні тазалағаннан кейін, оны құрғату үшін қалдырыңыз. Сүзгіні құрғағанша дейін қайта орнатпаңыз.

(12 сурет)



Жуылатын алюминий картридж сүзгісі



12 сурет


* Егер Сіз алюминий картридж сүзгісін ауыстырғыңыз келсе, кеңес алу үшін жақын жердегі өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Ол үшін Сізге өнім тақтасында көрсетілген нұсқаның нөмірін көрсету қажет. Басқа қол жетімді үлгілер мен нұсқалардың сүзгілері өнімге сәйкес келмейді.

Шамдар және оларды ауыстыру туралы жалпы ақпарат

Сорғыш жарықдиодты жарықтандыру жүйесімен жабдықталған.

Егер мінсіз жарықтандыруы бар жарықдиодтарын қарапайым шамдармен салыстырсақ, олардың қызмет ету мерзімі 10 есе көп, ал энергия үнемдеуі 90% құрайды.

Егер Сіз сорғыш шамының физикалық деформациясына немесе оның жарықтандыруына байланысты проблемаларға тап болсаңыз, өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Шамның бетінде сызаттар немесе саңылаулар пайда болған жағдайда, өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз және оны ауыстырыңыз.


Егер шамдарды ауыстыру қажет болса, келесі ақпаратты тексеріп, оны осындай техникалық сипаттамалары бар шамға ауыстырыңыз.

- ILCOS D: DBR-1-H коды (IEC 61231 сәйкес ILCOS d)
- Жарықдиод модулі- күңгірт пластик
- Әрбір шамның номиналды қуаты: 1 Вт
- Ауыстыру үшін шамның максималды әлеуетті қуаты: 2 x 1 Вт
- Шамның кернеу диапазоны: 220 – 240В
- Өнім өлшемдері: диаметрі: 35,8 мм / биіктігі: 30 мм


Қажет болған жағдайда өкілетті қызме көрсету орталығында жаңа шамдарды сатып ала аласыз.

Шамдарды ауыстыру

Шамдарды ауыстырар алдында, сорғыштың қуат көзі кабелін алып тастаңыз. Алдыңғы әйнекті жоғары көтеріп, алюминий картридж сүзгісін алыңыз. Содан кейін:



1. Бұғаттау құрылғысын ашу үшін сол жақ суретте көрсетілгендей, пластикалық шығыңқыны тартып, шамның ашасы мен розеткасын ажыратыңыз. **(13 сурет)**



(14 сурет)

2. Шамды корпус сыртынан ұстаныңыз және шамға сағат тілі бойынша немесе сағат тіліне қарсы 2 бекіткіш шығыңқышты жарықтандыру панеліндегі саңылаулармен сәйкес келуі үшін бұраңыз. Бекіткіш шығыңқысы саңылаулармен сәйкес болғаннан кейін, шамды корпустан ұстап тұрып алыңыз. (14 сурет)

ҚЫЗМЕТІ, ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕР ЖӘНЕ КЕПІЛДІК

Мәселе	Себеп-салдары	Түзеу тәсілі
Жабдық жұмыс істемейді	Ол розеткаға қосылмаған	Жабдықтың розеткаға қосылғанына көз жеткізіңіз
	Қосу/өшіру батырмасы басылмаған.	Қосу/өшіру батырмасын басыңыз
Жарық жоқ	Жабдық розеткаға қосылмаған.	Жабдықтың розеткаға қосылғанына көз жеткізіңіз
	Негізгі жабдық жұмыс істемейді.	Батырманы тексеріңіз
	Шам зақымдалған.	Шамды ауыстырыңыз
Жабдықтың қуаты жетпейді немесе жұмыс кезінде қатты шу.	Егер Сіз ауа өткізгішсіз сорғышты пайдалансаңыз, көмір сүзгілерінің 4 айдан артық пайдаланылмауына көз жеткізіңіз.	Көмір сүзгілерін жаңасына ауыстырыңыз
	Ауа ағынын қамтамасыз ету үшін, Сіздің ас үйіңізде жеткілікті таза ауа болуы керек.	Ас үйде терезені ашып, бөлмені желдетіңіз
	Желдету тесігі толық немесе ішінара жабық.	Ауаның шығу жолы ашық екеніне көз жеткізіңіз

Кепілдік және қызмет мерзімі

Біз осы асүй түтін шығарғышына 3 жыл мерзімімен кепілдік береміз. Егер түтін шығарғышты осы нұсқаулыққа сай пайдаланған болсаңыз, бірақ бұзылу бәрібір орын алса, ең жақын сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Кепілдік бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін тұрмыстық құрылғыны сатып алу чегін сатушы сату уақытында міндетті түрде толтыруы керек кепілдік талонымен бірге беру керек. Кепілдік талонын толтыруды талап етіңіз.

Бұлай істемеген жағдайда кепілдік міндеттемелерінің күші болмайды.


Асүй түтін шығарғышының қызмет мерзімі — 7 жыл.

Кепілдік келесі жағдайларды қамтымайды:

- Осы нұсқаулықта немесе кепілдік талонында көрсетілген талаптар бұзылған.
- Түтін шығарғыш өндірістік немесе басқа мақсаттарда қолданылған.
- Жасап шығару күні түзетілген және оны түсіну қиын.
- Кепілдік мерзімі өтті.
- Сапалы емес орнату, дұрыс емес, сақтанбай, салақ қолдану орын алған.
- Желінің электр кернеуі түтін шығарғыш нұсқаулығының талаптарына сәйкес емес.
- Зақымдалуды бөгде зат тудырған.
- Түтін шығарғыш өкілетті емес сервистік станцияда жөндеуден өткен немесе жөндеу кезінде басқа өндірушінің қосалқы бөлшектері қолданылған.

Кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін барлық регламенттік жұмыстар, жөндеу және қосалқы бөлшектерді ауыстыру ақылы болады.

Бұйым еуропалық стандарттарға сай жасап шығарылған және сертифициаттаудан өткен.



Құрметті сатып алушы,

“MBS” сауда белгісінің өнімін таңдағаныңызға рақмет.

Өндіруші

RE-MA METAL TEKSTIL INS. GIDA SAN. TIC. LTD STI

(РЕ-МА МЕТАЛ ТЕКСТИЛЬ ИНС. ГИДА САН. ТИК. ЛТД СТИ)

АДРЕС: ОРГАНАЙЗ САНАЮ БОЛГЕЗИ 9 КАДДЕ НОМЕР 17, КАЙСЕРИ, ТҮРКИЯ.

МБС СТАРС ГРУП АГ ҮШІН.

Сериялық идентификациялық нөмір

(Кепілдік талонында, мотордағы жапсырмада, қораптағы жапсырмада көрсетілген).


17-07-889562-0001

┌───┐ ┌───┐ ┌──────────┐
| | | | | |
1 2 | 3

1 – жыл

2 – апта

3 – бұйымның сериялық нөмірі



CE

EAC